

Лут пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ҚИССАСЫ

قصة نبي الله لوط عليه السلام

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى >



Islamhouse.com



Лут (оған Аллаһтың сәлемі болсын)

Лут қауымының оқиғасы Ибраһимнің көзі тірісінде жүз берген. Ибраһим оның кіші атасы еді. Лут ибн Һаран ибн Тарих. Ал Тарих Ибраһимнің әкесі. Аллаһ Тағала Лут жайлы Құранда он төрт сүреде, жиырма төрт орында баяндаған.

Луттың әкесі бала кезінде қайтыс болған. Сөйтіп ол Ибраһиммен бірге атасы Тарихтың үйінде тәрбиеленді. Ол Ибраһимды қатты жақсы көретін. Мұғжиза жүз беріп Ибраһим өрттен аман шыққан уақытта адамдар сол көріністі көре тұра оған иман келтірмеді. Тек Лут қана оған ілесті. Аллаһ Тағала: **«Сонда Лут оған иман келтірді»**, - деген (Анкабут сүресі, 26 аят).

Сондай-ақ ол Ибраһиммен бірге қоныс аударып: **«Шын мәнінде мен Раббым жаққа жөнелемін. Күдіксіз Ол аса Үстем, Хикмет Иесі»**, - деді» (Анкабут сүресі, 26 аят).

Садум елі мен Луттың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға жасаған дағуаты

Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Мысырдан Палестинаға келгенде, Лутқа (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Мутафикаға (Садумға) баруды бұйырды. Садум – сауда орталығы және керуен сарай еді. Ол жерде жеті қала болған деп айтылады. Ол жердегі елдің барлығы кәпір, әрі олардың ішінде ешбір мүмін жоқ еді. Аллаһ Тағала Садум қауымын жоюға жіберілген елшілердің сөзімен: **«Ол жерден мүміндерді шығардық. Дегенмен ол жерде мұсылмандардан бір үйден басқа таппадық»**, - деген (Зәрият сүресі, 35-36 аяттар).

Тек Луттың үйі мұсылман, ал қалғандарының барлығы кәпір еді. Олар шектен шыққан пасық және бұзық ел болатын. Бұзақылықта өнерпаздық жасап, өздерінен бұрын әлемде ешкім істемеген бір жиіркенішті істі ойлап тапты. Аллаһ Тағала Құранда оны: **«Лут сол уақытта еліне: «Сендерден бұрын әлемдерден ешкім істемеген бір арсыздық істейсіңдер ме? Сендер әйелдерді қойып еркектерге**

шақуат қоясындар ма? Әрине, сендер азғын елсіндер», - деді», - деп баян еткен (Ағраф сүресі, 80-81 аяттар).

Аллаһ Тағала: «(Елшілер): «Расында біз бір қылмысты елге жіберілдік. Тек Лутты және (оған ілескендерді) ғана түгел құтқарамыз», - деді» (Хижр сүресі, 58-59 аяттар).

Ол елге Лут пайғамбар: «Дүниеде (әйелдер бола тұрып) еркектерге шабасындар ма? Раббыларың сендер үшін жаратқан әйелдерінді тастайсындар ма? Сендер шектен шыққан елсіндер», - деді (Шуғара сүресі, 165-166 аяттар).

Яғни олар әйелдермен жыныстық қатынас жасаудан гөрі еркектерді қош көретін.

Аллаһ Тағала бұл жиіркенішті істі көп аяттарында қаралаған:

«Лут сол уақытта еліне: «Сендер көре тұра арсыздық істейсіндер ме? Сендер әйелдерді қойып еркектерге шақуат қоясындар ма? Әрине, сендер надан елсіндер», - деді» (Нәміл сүресі, 54-55 аяттар).

Яғни, олар мұны ашық істейтін және олар бір-бірінің осындай іспен айналысып жатқанын көретін-ді. Оларды азғындықтары осындай халге әкелген болатын. Құранда ешбір қауым бұлардай кері сипатталмаған. Кәпірлер, қылмыскерлер, шектен шыққандар, бұзықтар, қарсы келгендер және надандар, барлығы оларда болды.

«Лут сол уақытта еліне: «Рас өздеріңнен бұрын әлемде ешкім істемеген арсыздықты істедіндер. Сонда сендер еркектерге жақындасып, жол кесіп (қарақшылық қылып) және мәжілістерінде теріс қылықтар істейсіндер ме?» - деді» (Анкабут сүресі, 28-29 аяттар).

Олар жиналып отыратын мәжілістерінде жиіркенішті, ұяттан жұрдай қылықтар істейтін. Тіпті олар сол жиындарында бір-бірлерінің дыбыстап жел шығарғанына мәз болатын. Ал Аллаһ Тағала бізге мұның арсыз қылық екенін ескерткен. Лут болса, оларды имандылыққа талмай шақырды.

«Лут елі жіберілген (пайғамбарларды) жалғанға шығарды. Сол уақытта туыстары Лут: «Қорықпайсындар ма? Мен сендерге сенімді бір елшімін. Енді Аллаһтан қорқындар да маған бойсұнындар. Бұған сендерден ақы сұрамаймын. Менің еңбегім әлемдердің Раббысына тән», - деді» (Шуғара сүресі, 160-164 аяттар).

Садум елінің Лутқа (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қайтарған жауабы

«Сонда елінің жауабы: «Егер шыншылдардан болсаң, қане, бізге Аллаһтың азабын келтірші», - дегеннен басқа болмады» (Анкабут сүресі, 29 аят).

Яғни Нұхтың қауымының Ад және Самуд елінің қайтарған жауабы. Аллаһ Тағала: «Расында (Лут) оларға қолға алуымызды ескертті. Десе де, олар ескертуге күмәнмен қарады», - дейді (Қамар сүресі, 36 аят).

Басқа бір аятта:

«Сонда елінің жауабы: «Оларды елдеріңнен шығарындар. Өйткені, олар пәксінген адамдар» деу ғана болды», - деген (Ағраф сүресі, 82 аят).

Олардың таққан айыбына қараңыз! «Олар пәксінген адамдар». Демек, олар елдің барлығының өздері сияқты тек бұзақы, пасық және кәпір болғанын қалайды. Шын мәнінде де, Лут пен оның екі қызынан басқалардың барлығы қылмыскерлер және бұзақылар еді. Сөйтіп, олар Лутты елдерінен қумақ болды. «(Олар): «Ей, Лут! Егер тыйылмасаң, әлбетте, (елден) шығарыласың», - десті» (Шуғара сүресі, 167 аят). Лут: «Расында мен сендердің қылықтарыңнан жиіркенемін», - деді (Шуғара сүресі, 168 аят).

Садум еліне келген азап

Иманға келулерінен күдер үзген Лут қауымына қарсы дұға қылып: «Раббым, мені және отбасымды олардың қылықтарынан құтқар», - деді» (Шуғара сүресі, 169 аят).

Лутқа көмектесетін, тірек болатын ешкімі жоқ еді. Ал оның елі мүлдем шектен шыққан болатын. Тіпті ол үйінен сыртқа шыға алмай қалды. Сонда Аллаһ Тағала оның дұғасын қабыл етіп періштелер Жәбірейіл мен Микаилді және Исрафилді жіберді. Олар алдымен Ибраһимге Исхақпен сүйіншілеу үшін келді. Сол уақытта Ибраһим оларға: **«Ей, елшілер! Бұйымтайларың не?»** - деді. Олар: **«Шынында біз қылмысты бір елге жіберілдік. Оларға балшықтан тас жаудыру үшін. Раббың тарапынан шектен шығушылар үшін белгіленген»,** - деді» (Зәрият сүресі, 31-34 аяттар).

Басқа бір аятта: **«Елшілеріміз Ибраһимге сүйіншімен келген сәтте: «Біз мына ауылдың адамдарын жоямыз. Өйткені, оның тұрғындары залымдар болды»,** - деді», - деп баяндалған (Анкабут сүресі, 31 аят).

Сонда Ибраһим біраз ойға батып: **«Сендер үш жүз мүміні бар ауылды жоясыңдар ма?»** - деді. Олар: **«Жоқ»,** - деді. Ол: **«Егер онда екі жүз болса ше?»** - деді. Олар: **«Жоқ»,** - деді. Ол: **«Егер онда қырық мүмін болса ше?»** - деп сұрады. Олар: **«Біз оны жоймаймыз»,** - деді. Ол: **«Егер онда он төрт болса ше?»**, олар: **«Он төрт болса, онда жоймаймыз».** Ол: **«Егер онда біреу болса ше?»** - деп сұрады. Олар: **«Тіпті біреу болса да оны жоймаймыз»,** - деді. Сонда ол:

««Онда Лут бар», - деді. (Олар): **«Ол жерде кімнің бар екенін жақсырақ білеміз; (азапта) қалушылардан болатын әйелінен басқа оның өзін және үй-ішін әлбетте құтқарамыз»,** - деді» (Анкабут сүресі, 32 аят).

Ибраһимнің періштелермен Луттың қауымы жайлы сөйлескені жайлы Аллаһ Тағала басқа бір аятта: **«Ибраһимнен қорқыныш кетіп, қуаныш келген кезде, Бізбен (елшілерімізбен) Лут елі жайында тартысты. Шынында Ибраһим өте жұмсақ, аса абай, тәубешіл»,** - дейді (Һуд сүресі, 74-75 аяттар).

Яғни ол Лут елінің осыншалықта зұлымдықтары мен бұзықтықтарына қарамастан оларға тағы да мүрсат берілуін қалайтын еді. Сол уақытта Аллаһтан: **«Ей, Ибраһим! Бұдан жүз бұр! Өйткені Раббыңның әмірі келген. Расында оларға қайтарылмайтын азап келді»,** - деп әмір келді (Һуд сүресі, 76 аят).

Сонымен періштелер Садум жаққа өте көрікті жас жігіттер кейпінде келді. Бұл ешқандай желеу қалмау үшін ақырғы сынақ болатын. Аллаһ Тағала періштелерге: «Пайғамбарларының оларға қарсы куәлік күтіндер», - деп тапсырды. Яғни Лут оларға қарсы үкім айтқанша жоймауларын ескертті.

Сөйтіп олар ауылға келіп кірді. Ауыл сыртынан су әкеле жатқан Луттың қызы бұл көрікті жас жігіттерді көрді де, адамдардың оларға қарсы қылмыс жасауынан қорқып, олардың аялдай тұруын өтініп, асығып әкесіне жетті. Қызы Лутқа: «Бір жас жігіттер келді. Мен оларға бір нәрсе болуынан қорқып тұрмын», - деді. Сонда Лут тездетіп барып олардан: «Сендерге не керек?» - деп тіл қатты. Олар: «Қонақпыз», - деді. Лут оларды қайтарып жібермек боп тұрды да, бірақ ұялды. Сөйтіп оларға: «Жүріңдер», - деді. Лут жолда оларға жағдайды түсіндірмек боп: «Аллаһпен ант етем, ей, жігіттер! Мен бүкіл жер жүзінде бұлардан кесірлі елді білмеймін», - деді. Жол бойы Лут әлгі сөзін бірнеше рет қайталады. Ал періштелер оның қарсы куәлігін күтетін еді. Сонымен олар үйге кірген соң Лут оларды жасырып қойды. Луттың бұзақылыққа қатысы бар кәпір әйелі жұртқа: «Луттың үйінде өмірімде көрмеген көрікті кісілерді көрдім», - деп жар салды.

Сонымен бұл хабар ауылдың бұзақы тұрғындарына тарады. Олардың барлығы Луттың үйіне асығып келді. Аллаһ Тағала:

«Қауымы оған асығып келді. Олар бұрыннан да жаман істер істейтін», - деген (Һуд сүресі, 78 аят).

Басқа бір аятта: **«Қаланың халқы қуанысып жетті»,** - делінген (Хижр сүресі, 67 аят).

Олардың арсыздығы осыншалықты дәрежеде еді!

Сонда Лут үйінің ішінде тұрып, есіктің артынан бұзақы қауымға: **«Ей, халқым! Мына менің қыздарым, олар сендер үшін таза. Енді Аллаһтан қорқындар! Қонақтарыма қатысты мені қорламандар. Іштерінде бірде-бір есті кісі жоқ па?»** - деді» (Һуд сүресі, 78 аят).

Лут қыздарым дегенде жалпы әйелдерді мақсат тұтты. Пайғамбарларға қауымының әйелдері қыздары іспеттес. Сондықтан пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) әйелдері «мүміндердің аналары» деп аталған. Пайғамбар (оған

Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үмбеттердің әкесі деп есептелген (Ибн Касир). «Лут оларға өз қыздарын зинаға ұсынды» деп айтатындар пасықтыққа және қателікке ұрынады. Ұлы пайғамбардың былай етуі мүмкін емес. Сонда олар:

«Сен білесің. Қыздарыңда біздің жұмысымыз жоқ. Расында сен біздің нені қалайтындығымызды жақсы білесің», - деді» (Һуд сүресі, 79 аят). Лут: **«Әттең! Сендерге төтеп беретін күшім болса әлде бір мықты тірекке паналасам еді», - деді»** (Һуд сүресі, 80 аят).

Оның иман келтірген қыздарынан басқа ешкім жоқ-ты. Тіпті әйелі де кәпір еді. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Аллаһ, бауырым Лутты өз рақметіне бөлесін! Шындығында ол мықты бір тірекке – Аллаһқа паналайтын еді. Аллаһ Тағала одан кейінгі пайғамбарларды тек күш-қуатты ортамен жіберген», - деген** (әл-Бухари, Муслим). Яғни, оларды қорғай алатын рулардың, беделді отбасылардың ішінде жіберді. Бірақ Луттың бұл тұрғыда арқа сүйер ешкімі жоқ-ты. Аллаһ Тағала басқа бір аятта: **«Қаланың халқы қуанысып жетті. (Лут оларға): «Бұлар менің қонағым. Мені масқара қылмаңдар. Аллаһтан қорқыңдар. Мені қорламаңдар», - деді. Олар: «Біз сені жұрттан тыймап па едік», - деді. (Лут): «Егер (айтқанымды) істейтін болсаңдар, мыналар қыздарым», - деді», - деп баяндаған** (Хижр сүресі, 67-71 аяттар).

Аллаһ Тағала: **«(Мұхаммед) өміріңе серт! Олар, расында, мастықтарыңда дел-сал еді», - деген** (Хижр сүресі, 70 аят).

Сонда оларды нәпсілері баурап, ақиқатты көрмей соқырға айналды. Сөйтіп үйге күштеп кірмекші болды. Алайда қонақтарын ешнәрсе болмағандай тыныш күйде көріп, таңғалған Лут елшілерге: **«Сөзсіз сендер бөгде кісілерсіңдер», - деді. (Елшілер): «Жоқ, біз олардың күмәнданған (азабын) алып келдік. Біз саған нақ шындықты келтірдік. Біз рас айтамыз», - деді»** (Хижр сүресі, 62-64 аяттар).

Басқа бір аятта: **«Олар: «Қорықпа, қайғырма. Расында біз, (азапта) қалушылардан болатын әйеліңнен басқа, өзінді және отбасыңды құтқарамыз. Біз ауыл халқына бұзықтықтарының салдарынан көктен пәле жаудырамыз», - деді», - деп келген** (Анкабут сүресі, 33-34 аяттар).

Сонда барып олар өздерінің Аллаһ Тағаланың елшілері екенін айтты. Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шығып бір соққы берген сәтте олардың барлығының көздері соқыр боп қалды. Аллаһ Тағала:

«Олар (Луттың) қонақтарынан дәме қылды. Сонда олардың көздерін соқыр еттік. Ал енді азабым мен ескертуімді татындар», - деп айтқан (Қамар сүресі, 37 аят).

Олар мұны сиқыр деп ойлап, сендерге ертең көрсетеміз деп кіжінді. Сөйтіп дуал сипалап үйлеріне қайтты.

Періштелер Лутқа: **«Олардың уәдесі таңертең, ал таң жақын емес пе?» - деді»** (Һуд сүресі, 81 аят). Және оған отбасын алып Садумнан тез шығып кетуді бұйырды.

«Дереу түннің бір бөлігінде үй-ішіңмен аттан. Өзің олардың артында жүр. Сендерден ешкім артына қарамасын. Бұйырылған жерге барындар. Расында олардың соңы таң ата жоғалады» деген бұйрықты білдірдік» (Хижр сүресі, 65-66 аяттар).

Аллаһ Тағала:

«Сонда оны да, үй-ішін де, жоқ болатындардың ішіндегі кемпірден басқасын түгел құтқардық» (Шуғара сүресі, 170-171 аяттар);

«Тек Луттың отбасын таң ата құтқардық. Бізден бір нығмет ретінде. Осылайша шүкірлік еткендерге сый көрсетеміз», - деген (Қамар сүресі, 34-35 аяттар).

Сөйтіп Лут Садумды тастап шықты. Онымен бірге екі қызы ғана бірге болды. Олар ауылдан қашық кеткеннен кейін, таң атып күн шыққанда Садумдықтарға Аллаһтың азабы келді. Аллаһ Тағала: **«Расында оларға таңертең ертемен бір азап келді. Ал енді азабым мен ескертуімді татындар»,** - деп айтқан (Қамар сүресі, 38-39 аяттар).

Әуелі Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларды бір ащы дауыспен қарсы алып, сосын қанатының бір шетімен ол қалаларды аспанға көтерді. Көтерілгені соншалықты, аспандағы періштелер ол қалалардағы тауықтар мен иттердің үндерін естіді делінген. Сосын

аспаннан оларға әрқайсысының аты жазылған тастар жауып, елдің асты-үстін ойрандады.

«Оларға әміріміз келген сәтте ол жердің үстін астына келтірдік. Сондай-ақ үстеріне қыздырылған, Раббыңның құзырында таңбаланған қиыршық тас жаудырдық» Бұл (апат) залымдардан ұзақ емес» (Һуд сүресі, 82-83 аяттар);

«Сонда оларды күн шыға ащы дауыс алды. Оны асты-үсті қып, үстеріне қиыршық тас жаудырдық. Күдіксіз осыда көрегендер үшін өнегелер бар. Өйткені ол жер жол үстінде. Күдіксіз осыда мүміндер үшін ғибрат бар» (Хижр сүресі, 73-77 аяттар);

«Оларға (тастан) жаңбыр жаудырдық. Ескертілгендердің жаңбыры қандай жаман еді! Расында мұнда бір ғибрат бар. Ал олардың көбісі иман келтірушілерден болмады. Рас Раббың аса Үстем, өте Мейірімді» (Шуғара сүресі, 173-175 аяттар);

«(Аллаһ) Мутафиканы жермен-жексен етті. Сонда оларды (апат) басқан сайын басты. Ал енді Раббыңның қай нығметтеріне күмән келтіресің. Бұл әуелгі ескертулерден бір ескерту» (Нәжім сүресі, 53-56 аяттар).

Аллаһтың апатына ұшырағандардың ішінде Луттың әйелі де болды. Өйткені ол кәпір еді. Сондай-ақ Нұхтың әйелі мен баласы да кәпір болған еді. Иман алшақтықты және күпірлік туыстық қатынастарды жояды. Сондықтан Аллаһ Тағала Құранды: **«Аллаһ кәпірлерге Нұхтың әйелі мен Луттың әйелін мысал көрсетті. Олар ізгі пенделерімізден, екі пенденің некесінде еді. Екеуі де оларға қиянат қылды. Сондықтан (екі пайғамбар да) ол екеуін Аллаһтан ешқандай қорғай алмады. (Ол екі әйелге): «Екеуің тозаққа кірушілермен бірге кіріндер», - делінеді», - деген** (Тахрим сүресі, 10 аят).

Осы аяттағы Аллаһ Тағаланың: **«Ол екеуі оларға қиянат қылды», - деген сөзінде, тәпсіршілер бұл жердегі қиянат ар-намыс мәселесі емес иман қиянаты екеніне келіскен. Өйткені пайғамбарлардың жұбайларында кәпірлік кездескенмен, ар-намыс мәселесінде опасыздық болмаған. Бұл пайғамбарлар әулетінің артықшылығы. Соның қатарында Луттың әйелі де күйеуіне ар-намыс тұрғысында**

опасыздық жасамаған, бірақ ол қауымына олардың бұзақылық істерінде көмектескен-ді.

Бұл жазаға ұшыраған елдің белгілері кейінгі ұрпақтарға сабақ болу үшін үстерінде азабын татып жататын ащы өлі теңіз пайда болды. Қазіргі кезде ол теңіз Лут теңізі деп аталады.

Луттың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасынан алынар өнеге

Еркекаралық жыныстық қатынасты (гомосексуализмді) Садум елі ең бірінші болып бастаған. Мұны қазіргі таңда сирек кездесетін табиғи жағдай немесе адамның қанында (генінде) бар деп шатып жүр. Бұл не деген сөз?! Ол ешқандай қалыпты табиғи жағдайға жатпайды және адам қанында да жоқ. Керісінше, ол бұзылу, шектен шығу, пасықтық және жиіркенішті азғындық.

Ибн Аббас (әкесі екеуіне Аллаһ разы болсын) пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Лут қауымының қылығын істеп жатқандарды өлтіріңдер», - дегенін жеткізген (Әбу Дәуд, хадис әлсіз хадистер тобына жатады).

Қолданылған әдебиеттер: Ибн Касирдің «Қисасуль-Әнбия», «Әл-бидәя уә ән-ниһая».